

**Түркістан қаласы әкімдігі мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі арасындағы қарым-қатынас және ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Түркістан қаласы

«30» қаңтар 2024 ж.

«Түркістан қаласы әкімдігі» тарапынан қала әкімінің орынбасары Тулегенов Талгат Байжанович және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Садыкбеков Маулен Жарылкасимович (әрі қарай - Тараптар) төмендегі келісімге келді:

1. Мақсаты мен мазмұны

1.1. Серіктестіктің мақсаты білім мен тәжірибе алмасу, тараптардың ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерін дамыту, туристік-өлкетану және туристік-экологиялық салалардағы бірлескен жобаларды іске асыру, іс-шараларды бірлесе өткізу болып табылады.

Меморандум келісім-шарт және заңнамалық міндеттемелер мәмілесі болып табылмайды. Бұл Меморандумның мазмұны тараптарды белгілі бір жобаны орындауға міндеттемейді, бірақ тараптардың ғылыми-зерттеу, тәжірибелік пен ағарту әрекеттегі ортақ қызығушылықты білдіреді.

1.2. Бірлесіп атқаратын жұмыстар барысында Тараптар бір-бірінің мүддесін қорғау мен серіктестік, теңдік негізінде қарым-қатынас құрайды.

1.3. Осы Меморандум, Тараптар қажет етуіне байланысты, келісім-шартқа отыруға негіз болып табылады.

1.4. Осы Меморандум Тараптарға қаржылай және құқықтық міндеттерді артпайды.

2. Серіктестіктің қызмет ету салалары

2.1. Серіктестіктің қызмет ету салалары төмендегілерді қамтиды, сонымен қатар келесі жұмыстар қарастырылады:

- білім алушылардың қатысуымен туризм, өлкетану және экология саласын дамыту;
- кеңес алмасу, ақпараттық қызмет, семинарлар, жобалар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы қарым-қатынас пен әріптестікке деген қызығушылықты дамыту;
- жұмыс тәжірибесімен алмасу, үгіт-насихат материалдарын таратуды ұйымдастыру;
- бірлесіп жасалған ғылыми-зерттеу бағдарламаларды құру және іске асыру.

3. Ақпарат алмасу

3.1. Тараптар ғылыми-педагогикалық ақпаратпен, құпия мазмұны жоқ қостарапты мүддедегі жариялымындармен алмасуға келісім береді. Тараптар келісілген тақырыптар бойынша семинарлар, конференциялар, танымдық экскурсиялар өткізіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне болады.

4. Кадрлар алмасу

4.1. Болжанған кадр алмасу мәселесі бойынша, Тараптар бірлескен жобаларды іске асыру барысында тәжірибелі және жауапты мамандарды іс-тәжірибе өткізуге міндеттеме алады. Тараптардың қызметкерлері жұмыс орнындағы жалпы ережелер мен қауіпсіздік ережесін сақтауға міндетті.

5. Бірлескен жобаларды іске асыру

5.1. Тараптар келіскен жағдайда бірлескен жобаларды іске асыру кезінде әр жоба

мазмұны бөлек келісім-шартта көрсетіліп, екі Тараппен бекітілуі тиіс. Бөлек келісім-шартта жасалатын жұмыстардың мазмұны, жобаны іске асыруға қажетті құралдар, карталар, жоспарлар, патенттер, жабдықтар, интеллектуалды меншік және аталған жобаға тікелей қатысты ақпаратты жария ету нақтылап көрсетіледі.

6. Меморандумның күшіне енуі және күшін жойылуы

6.1. Меморандумға Тараптар қол қойылған күннен бастап күшіне еніп, тараптардың келісімімен тоқтатылады және меморандумда көрсетілген әр тараптың міндеттемелері аяқталғанға дейін меморандум заңды күшінде болады.

6.2. Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа Меморандумның қолданылуын тоқтатудың күнінен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта Меморандумды тоқтатуға құқылы.

6.3. Тараптардың өзара келісімі бойынша Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген құжаттармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6.4. Меморандумды түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілетін болады.

Түркістан қаласы әкімінің
орынбасары
Т. Тулегенов


«30» қаңтар 2024 жыл



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-
музейінің директоры
М. Садыкбеков


«30» қаңтар 2024 жыл

